



BAITEREK

«ДАМУ»
КӘСІПКЕРЛІКТІ
ДАМУҒА ҚОҒАМЫ

Ішкі сауда субъектілерін қолдау

Маусым 2024ж.

Субсидиялау/кепілдік беру шарттары



«ДАМУ»
КӘСІПкерлікті
ДАМУ Қоры



Ішкі сауда субъектісі	«Сауда қызметін реттеу туралы» ҚР Заңына сәйкес ішкі сауданы жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлғалар
ЭҚЖЖ тізбесі	Облыстық маңызы бар қалаларда: - ЭҚЖЖ 46.90.3 «Көтерме-тарату орталықтарын қоса алғанда, сауда алаңы 2000 шаршы метрден астам (2000 шаршы метр және одан жоғары) сауда объектілерінде қандай да бір нақтылаусыз тауарлардың кең ассортиментін көтерме саудада сату»; - ЭҚЖЖ 47.11 «Мамандандырылмаған дүкендерде негізінен тамақ өнімдерімен, сусындармен және темекі бұйымдарымен бөлшек сауда жасау»; - ЭҚЖЖ 47.19 «Мамандандырылған емес дүкендердегі өзге де бөлшек сауда»; - ЭҚЖЖ 47.91.0 «Тауарларға пошта арқылы немесе Интернет желісі арқылы тапсырыс беру жолымен бөлшек сауда»; - ЭҚЖЖ 68.20.3 «Меншікті немесе жалға алынған сауда нарығын жалдау (қосалқы жалдау) және басқару»; - ЭҚЖЖ 68.20.4 «Сауда қызметіндегі меншікті сауда жылжымайтын мүлігін және көп функционалды кешендерді жалға алу және басқару», сауда ойын-сауық орталығыны (СОО) қоспағанда; - ЭҚЖЖ 68.20.5 «Сауда қызметіндегі жалға алынған жылжымайтын мүлікті және жалға алынған көп функционалды кешендерді жалдау (қосалқы жалдау) және басқару», СОО-ны қоспағанда Моно- және шағын қалаларда, ауылдық елді мекендерде: - ЭҚЖЖ 46 «Автомобильдер мен мотоциклдерді сатуды қоспағанда, көтерме сауда»; - ЭҚЖЖ 47 «Автомобильдер мен мотоциклдерді сатудан басқа бөлшек сауда»; - ЭҚЖЖ 68.20.3 «Меншікті немесе жалға алынған сауда нарығын жалдау (қосалқы жалдау) және басқару»; - ЭҚЖЖ 68.20.4 «Сауда қызметіндегі меншікті сауда жылжымайтын мүлігін және көп функционалды кешендерді жалға алу және басқару», СОО-ны қоспағанда; - ЭҚЖЖ 68.20.5 «Сауда қызметіндегі жалға алынған жылжымайтын мүлікті және жалға алынған көп функционалды кешендерді жалдау (қосалқы жалдау) және басқару», СОО-ны қоспағанда
Ерекше шарттар	Субсидиялау және кепілдік беру таралмайды: - сауда-ойын-сауық орталықтарына; - астанада және республикалық маңызы бар қалаларда іске асырылатын жобаларға Қайта қаржыландыру - көзделмеген
Қарсы міндеттемелер	инвестициялық жобалар бойынша - мемлекеттік қолдау шараларын ұсынған сәттен бастап 2 қаржы жылынан кейін салықтарды 10% -ға ұлғайту

Субсидиялау/кепілдік беру шарттары



«ДАМУ»
КӘСІПКЕРЛІКТІ
ДАМУ ҚОРЫ

Субсидиялау шарттары:

Кредит сомасы	- облыстық маңызы бар қалалардағы жобалар - 3 млрд теңгеден аспайды; - моно- және шағын қалалардағы, ауылдық елді мекендердегі жобалар - 1,5 млрд теңгеден аспайды
Субсидиялау мерзімі	- инвестициялық мақсаттарға - 5 жылдан аспайды; - айналым қаражатын толықтыруға - 3 жылдан аспайды
Субсидия мөлшері	ҚРҰБ + 5% базалық (номиналды сыйақы мөлшерлемесі), оның 10,75% -ын мемлекет субсидиялайды, ал айырмасын ішкі сауда субъектісі төлейді. Сыйақы мөлшерлемесінің субсидияланатын бөлігі ҚРҰБ базалық мөлшерлемесінің азайтылатын мәніне тең өзгеріске төмендетіледі
Тыйым салу	500 млн теңгеден астам кредит сомасы кезінде дивидендтер төлеуге тыйым салу

Кепілдік беру шарттары:

Кредит сомасы	Жұмыс істеп тұрған ішкі сауда субъектілері үшін: - облыстық маңызы бар қалалардағы жобалар - 3 млрд теңгеден аспайды; - моно- және шағын қалалардағы, ауылдық елді мекендердегі жобалар - 1,5 млрд теңгеден аспайды Ісін жаңа бастаған ішкі сауда субъектілері үшін: 360 млн теңгеден аспайды
Кепілдік беру мерзімі	кредит мерзімінен артық емес
Кепілдік мөлшері	Жұмыс істеп тұрған ішкі сауда субъектілері үшін: - 1,5 млрд теңгеден аспайды, кредит сомасының 50% дейін Ісін жаңа бастаған ішкі сауда субъектілері үшін: - кредит сомасының 85% -ына дейін 306 млн теңгеден аспайды

Субсидиялау/кепілдік беру шарттары



«ДАМУ»
КӘСІПКЕРЛІКТІ
ДАМУ ҚОРЫ

- Ішкі сауда субъектілері үшін міндетті шарттар:
 - сауда алаңында және (немесе) сөрелік кеңістікте отандық өндірістің кемінде 20% -ын азық-түлік емес/азық-түлік тауарларымен орналастыру
 - объект аумағында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларымен сату
 - ұлттық стандартқа сәйкес тауарлардың ұлттық каталогын қолдану
 - ** Осы көлемде отандық өндірістің азық-түлік және азық-түлік емес тауарлары болмаған жағдайда, қалған орындар және (немесе) сөрелік кеңістік ішкі сауда субъектісінің қалауы бойынша тауарлармен толтырылады*
- Электрондық сауда саласындағы электрондық сауда алаңдары үшін міндетті шарттар:
 - Қазақстан Республикасында өндірілген тауарларға таңбалаудың айырым белгісін белгілеу
 - электрондық сауда алаңдарында «Қазақстанда жасалған» деген таңбалау белгісі бар тауарлардың жеке бөлімін құру
 - электрондық сауда алаңдарында тауарларды іздеу нәтижелерін шығару кезінде «Қазақстанда жасалған» айырым белгісі бар тауарларға басымдық беру